

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы



Түркістан қаласындағы әуежай

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5В072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд, қауым. проф.

 К.Акматайұлы
« 25 » 05 2020 ж.

1934

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Түркістан қаласындағы әуежай»

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған



М.К.Сарманова

Ғылыми жетекші
техн. ғыл. магистр



Т.А.Ракиш

« 25 » 05 2020 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты


Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд, қауым. проф.

 К.Акмалайұлы

« 27 » 01 2020 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Сарманова Марал Кенжеқызы

Тақырыбы: Түркістан қаласындағы әуежай

Университет ректорының «27» қаңтар 2020 ж. №762-б - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «02» маусым 2020 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Түркістан қаласы, ғимарат конструкциялық жүйесі - қаңқалы, тұтас темір конструкциясынан, іргетас-темірбетонды, қабатаралық жабын – тұтас құймалы темірбетонды плита, сыртқы қабырға – витраждар. Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1. Сәулеттік - құрылыстық бөлімі: құрылыс ауданының сипаттамалары; көлемдік-жоспарлық шешімдер; сәулеттік-конструктивтік шешімдер; төбежабын және терезенің жылутехникалық есебі;

2. Есептік- конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру ; ферма конструкциясының есебі; іргетас есебі және оған қажетті арматура тағайындау;

3. Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлім: жер жұмыстарының көлемін анықтау, жұмыстардың еңбек сыйымдылығы және машина-кезек санын есептеу, монтаждау кранын таңдау, монтаждау жұмыстарының техкартасын құру, құрылыстық бас жоспарды және құрылыстың күнтізбелік жоспары құрастыру; қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария;

4. Құрылыс экономикасы бөлім: жергілікті және объектілік сметаларды жасау;

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеті, қималар, түйіндер, спецификация, жоспар - 3 парақ;

2. Ферма есебі және іргетастың арматуралануы, спецификациялар - 3 парақ;

3. Жер жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар – 3 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет:

1. ҚР ЕЖ 2.03-30-2017 Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс, Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті. – Астана, 2017;

2. ҚР ҚНЖЕ 2.04-03-2012 Құрылыс жылутехникасы, Құрылыс істері жөніндегі комитет МЭиТ РК. – Астана, 2002

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	03.02-23.02.2020 ж.	
Есептік-конструктивтік бөлім	24.02-22.03.2020 ж.	
Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі	23.03-20.04.2020 ж.	
Құрылыс экономикасы бөлімі	21.04-17.05.2020 ж.	
Антиплагиат, нормаконтроль, алдын-ала қорғау	18.05-24.05.2020 ж.	
Қорғау	01.06-05.06.2020 ж.	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік - құрылыстық бөлімі	Т.А.Ракиш, техн. ғыл. магистр.	25.05.2020	
Есептік-конструктивтік бөлімі	А.П.Турганбаев, техн. ғыл. магистр.	25.05.2020	
Құрылыс өндірісінің технологиясы және ұйымдастыру бөлімі	Н.В.Козюкова, техн. ғыл. магистр.	25.05.2020	
Құрылыс экономикасы бөлімі	Т.А.Ракиш, техн. ғыл. магистр.	25.05.2020	
Норма бақылаушы	Н.В.Козюкова, техн. ғыл. магистр.	25.05.2020	

Ғылыми жетекшісі

(қолы)

Ракиш Т.А.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

(қолы)

Сарманова М.К.

Күні

« 25 » 05 2020 ж.

АНДАТПА

«Түркістан қаласындағы әуежай» тақырыбындағы жоба сызбалар бөлімінен және негізгі төрт бөлімнен тұрады. Жобаның конструктивтік бөлімі қазіргі Қазақстанда енгізіліп жатқан Еврокод нормасы бойынша есептелген. Архитектуралық бөлім Ревит бағдарламасы бойынша жасалған, ал конструктивтік бөлім ЛИРА-САПР есептеу бағдарламасымен іске асырылды. Қалған сызулар Autocad Architecture 2020 бағдарламасымен жүзеге асырылды. Есептеу барысында коэффициенттер Ұлттық приложение(НП РК) бойынша алынды. Сметалық бөлімі ABC-4 бағдарламасы бойынша жасалды.

Жобаның техника-экономикалық көрсеткіштеріне:

- Құрылыстың ұзақтығы – 646 күн;
- Жалпы сметалық құны - 2217582 мың тенге.

АННОТАЦИЯ

Проект "Аэропорт в г. Туркестан" состоит из отдела чертежей и четырех основных разделов. Конструктивная часть проекта рассчитана по нормам Еврокодов, внедряемой в настоящее время в Казахстане. Архитектурный отдел разработан по программе Ревит, а конструктивный отдел реализован программой расчета ЛИРА-САПР. Остальные чертежи с программой Autocad Architecture 2020. При расчете коэффициенты получены по национальному приложению(НП РК). Сметная часть составлена по программе ABC-4.

Технико-экономические показатели проекта:

- Продолжительность строительства – 646 дней;
- Общая сметная стоимость – 2217582 тыс. тенге.

ANNOTATION

The project "Airport in Turkestan" consists of a drawing department and four main sections. The constructive part of the project is calculated according to the Eurocode norm, which is currently being implemented in Kazakhstan. The architectural department was developed under the Revit program, and the constructive department is implemented by the LIRA-SAPR calculation program. Other lines by program Autocad Architecture 2020. When calculating the coefficients are obtained according to the national application (NA RK). The estimated part was compiled according to the ABC-4 program.

Technico-economic insides are:

- The duration of the building is 646 days;
- The estimation cost of the project – 2217582 th.tenge.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	
1 Сәулеттік-құрылыстық бөлімі	8
1.1 Жалпы мәліметтер	8
1.2 Көлемдік – жоспарлық шешімдер	8
1.3 Сәулеттік – конструктивтік шешімдер	9
1.4 Төбежабын және терезенің жылутехникалық есебі	10
1.5 Ғимаратты инженерлік жабдықтау	11
2 Есептік – конструктивтік бөлімі	13
2.1 Темірбетон конструкциялар есебі және оларды құрастыру	13
2.2 Жалпы мәліметтер	14
2.3 Ферма есебі	18
2.4 Іргетас есебі	20
3 Құрылыс өндіріс технологиясының бөлімі	22
3.1 Топырақ сипаттамасы	22
3.2 Жер жұмыстары	23
3.3 Жер жұмыстарын жүргізуге машиналар жиынтығын таңдау	24
3.4 Топырақ тығыздығыш машиналарды таңдау	28
3.5 Монолитті конструкцияның құрылысы	29
3.6 Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	30
4 Құрылыс экономикасы бөлімі	33
Қорытынды	34
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	35
Қосымша А	
Қосымша Б	
Қосымша С	

КІРІСПЕ

Түркістан қаласы 15-ші ғасырда қазақ хандығының астанасы болған, ал қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстанның мәдени орталығы болып табылатын тарихи қала. Орта ғасырлардан сақталған тарихи ескерткіштері арқылы әлемге танымал, кезінде Ұлы Жібек жолы өткен тарихи және туристік қала. Қала шығысында атақты Отырар, батысы Қызылорда, солтүстігінде Созақ қалаларымен шектесіп жатқан киелі жер. Қаланың басты ескерткіштері – Қожа Ахмет Йассауи мен Арыстан Баб кесенелері. Бұл қалаға құлшылық ету мақсатында, сонымен қатар табиғатымен танысу мақсатында келуші туристтер саны өте көп. Шет елдер мен еліміздің басқа қалаларынан келуші қонақтарға арналған халықаралық әуежайдың жоқтығы мәселесінен, қаланың қазіргі даму стратегиясына жаңа әуежай құрылысын бастау туралы шешім қабылданды.

Тарихи мекенді көруге келушілердің ең алдымен көздеріне түсетін басты құрылыс ескерткіштерінің бірі әуежай құрылысы.

Әуежай Түркістан қаласы Түркістан облысында орналасқан. Түркістан қаласына дейінгі қашықтық 4 км. Салынғалы жатқан құрылыс үшін тағайындалған құрылыс алаңы өте қолайлы және ұтымды. Әуежай көлемі жағынан үлкен және сағатына 1500 жолаушыны әр бағытта ұшырып, 1500 жолаушыны өзіне қабылдай алады. 15-20 млн жолаушыға қызмет көрсете алады.

Және бұл құрылыс нысанын жопарлаудағы басты мақсат – ең алдымен қалаға тура ұшып келу мүмкіндігімен қамтамасыз ету, жолаушылардың қауіпсіздігін сақтау, екіншіден халықты жұмыспен қамту, және еліміздің ішкі экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында туризмді дамыту. Әуежайды жобалаудағы басты мақсат- адамдардың орасан тұрақты ағынын басқару және сапарларына қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Менің жобамда мен осы мәселені шешімін ұсынамын- бірінші деңгей бойынша ұшып келетін жолаушылар және екінші деңгей ұшып кететін жолаушы арналған. Деңгейлер бойынша бөлуден басқа сол және оң қанатқа бөлу бар- ішкі және халықаралық авиарейстер деп арнайы бөлу.

Ғимарат шартты 4 бөлікке бөлінуі: бұл қарапайым құрылым адамдар ағынын тез басқаруға мүмкіндік береді, ал пасажираларға өз кезегінде шатастырпауға мүмкіндік береді.

1 Сәулеттік – құрылыстық бөлім

Бұл бөлімде жобаның архитектуралық шешімдерімен қатар конструктивтік шешімдері көрсетіледі. Сонымен қатар, төбежабын мен терезенің жылутехникалық есептері анықталған.

1.1 Жалпы мәліметтер

«Түркістан қаласындағы әуежай» жобасы Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің «Құрылыс және құрылыс материалдары» кафедрасының тапсырмасымен орындалды. Дипломдық жұмыс қазіргі уақытта қолданылып жүрген Қазақстандағы Еурокод ережелері мен нормаларға сәйкес дайындалған.

- Құрылыс өңірі – Түркістан қаласы;
- Климаттық аудан- IV Г;
- Ғимарат класы – I;
- Өртке қарсылық дәрежесі- II;
- Қызмет ету дәрежесі- II;
- Сыртқы ауаның есептік температурасы;
- ең суық бес күндікі – - 26С;
- ең суық тәуліктікі – -32.6С.
- Қар жүгінің нормативті мәні – 70 кгс/м² (0.7кПа)
- Жер екпіннің нормативті мәні –38 кгс/м² (0.38кПа)
- Құрылыс алаңының сейсмикалық әсері –6 балл;
- Топырақ суының деңгейі –17 м-ден төмен;
- Топырақтың 0С градустағы максималды қату тереңдігі – 170 см.
- Құрылыс орнының рельефі – тегіс, ешқандай еңістігі жоқ. Жобаланып отырған объект Түркістан қаласында орналасқан.

1.2 Көлемдік –жоспарлық шешімдер

Ғимараттың жоспардағы формасы төртбұрышты,4 блокка бөлінген, 4 қабатты, өлшемдері 82x200 м болып қабылданған. Жер асты көлік тұрағы бар. Ғимараттың бірінші қабатының биіктігі 12м және екінші,үшінші,төртінші қабатының биіктігі 7м болып табылады . Әуежай биіктігі 38м. Жертөле биіктігі 7 м. Көтергіш қабырғалардың және темірбетон рамалардың арақашықтығы жабын плиталарының өлшемдеріне сай 6,3м қабылданды. Жобаланған объектінің сыртқы және ішкі қабырғаларының қалыңдығы 300 және 200 мм, ал бөлмені бөлетін ішкі қабырғалардың қалыңдығы 120мм.Жобаланған объектіде мынадай бөлмелер қарастырылған:

- 1 қабатта – күту залы, ресторан,кафе,жетекші бөлмесі,тамбур,әкімшілік

кеңістік, дәліз, сейфтік бөлім, кеден декларациясының мұрағаты, кеден төлемдерін қабылдауға арналған касса және тағы басқа.

- 2-4 қабатта – ресторан, дәретхана, күту залы (ішкі және сыртқа рейстерге арналған), тамбур.

- Жалпы паркингтегі көлік саны 300, машина орындарының жалпы саны қонақтық тұрақтарда – 100

1.3 Сәулеттік - конструктивтік шешімдер

Ғимарат конструктивті шешімдермен нормалар мен ережелер талаптарын қанағаттандырады. Қаңқасы темір конструкциясынан жасалған, сыртқы қабырғалары жылы блоктан және шыны әйнектен өлшемдері 200x500x300.

- Ортаңғы және шеткі ұстындар – темір конструкциясы екітаврлы қимада, екітаврдың өлшемі, профилі 40. Материал класы С255.

- Ортаңғы және шеткі арқалықтар – темірлі конструкциядан, екітаврлы қимада, профилі 27. Материал класы С255.

- Ғимараттың жертөле бөлігіндегі қабырғалар монолитті темірбетон конструкциясынан жасалған, іргетас конструктивтік шешім бойынша плита болып, қалыңдығы 1м болып қабылданды.

- Жертөленің қабырғаларының қалыңдығы конструктивтік шешім бойынша 25см қалыңдықта алынды.

- Ғимараттың іргетасы монолитті темірбетон плиталар түрінде қарастырылады. Ғимараттың іргетастары арқылы негізге берілетін жүктемелер мен әсер ету олардың бірлескен жұмысы негізінде белгіленеді. Барлық аражабындар монолитті темір бетонды орындаумен қабылданды. Жабын плиталарын арматуралауды кеңістіктік қаңқалармен және торлармен жүзеге асыру ұсынылады. Ғимараттың жер асты және жер үсті қабаттарының жабындарының қалыңдығын кемінде 200 мм қабылдау ұсынылады.

- Аражабын қалыңдығы есептеу бойынша 200мм болып қабылданды.

- Қолданыстағы нормаларға сәйкес лифт және саты торларын қарастыру.

- Ғимарат элементтерінің беріктігі мен орнықтылығы алынған арматуралау нәтижелерін есептеу бойынша талап етілетін орындау кезінде қамтамасыз етілген.

- Ішкі қалқалар гипсокартонмен жасалған. Қалыңдығы 100мм ішкі дыбыс оқшаулағыш қабатымен.

- Санитарлық тораптарда ішкі дыбыс оқшаулағышпен ылғалға төзімді гипсокартон (тек санитарлық тораптың ішкі жағынан) қалыңдығы 100 мм аражабырғаларды қолдану керек.

- Іргетас астындағы негіз-100 мм бетонка.

- Бөлмені бөлетін ішкі қабырғалар жылы блоктан және 2 жағында дыбыс изоляциясы бар.

Жүк көтергіштігі 1000кг және 630 кг машиналық үй-жайы, есіктердің

орталық ашылуы және бөлек басқаруы бар 2-ші Лифттің әрбір тұрғын орнында қарастырылған.

-Топырақ бойынша өтетін жолдар мен жолдардың барлық конструкциялары топырақтың геологиялық қасиеттері бойынша шарттарға сәйкес нормативтік талаптарды ескере отырып орындалады.

-Арық жүйесі учаскесі бойынша су бұрудың орталықтандырылған жүйесі, қалалық нәсерлік кәріз жүйесіне су ағызу қарастырылған.

-Әрбір қабатта тік коммуникациялық шахталарды немесе қабатты техникалық үй-жайларды орналастыру үшін арнайы орындар қарастыру (инженерлік бөлім әзірлеушілермен келісу).



1.1 Сурет – Ғимараттың 3Д моделі

1.4 Төбежабын және терезенің жылутехникалық есебі

Шатыр конструкциясының негізгі қоршау қабаттары:

- 1) Техноэласт ЖПП-2006 $\delta=0,0042\text{м}$, $\gamma=0,17(\text{Вт/м}^{\circ}\text{C})$.
- 2) Техноэласт ЖПП-2006 $\delta=0,004\text{м}$, $\gamma=0,17(\text{Вт/м}^{\circ}\text{C})$.
- 3) Праймер битумный, $\delta=0,08\text{м}$ ж/е $0,1$ $\lambda = 0,031(\text{Вт/м}^{\circ}\text{C})$.
- 4) Стяжка-цементті-күмды $\delta = 0,02\text{м}$ $\lambda = 0,76 (\text{Вт/м}^{\circ}\text{C})$.
- 5) Рубероида 1 қабат $\delta = 0,004\text{м}$ $\lambda = 0,17 (\text{Вт/м}^{\circ}\text{C})$.
- 6) Жылыт. Мин.ватн. $\delta=0,15\text{м}$, $\lambda=0,042(\text{Вт/м}^{\circ}\text{C})$.
- 7) Техноэласт ЭПП2003 $\delta=0,0042\text{м}$, $\lambda=0,17(\text{Вт/м}^{\circ}\text{C})$.
- 8) Монолитная ж.б плита $\delta= 0,2\text{м}$ $\lambda = 1,92 (\text{Вт/м}^{\circ}\text{C})$.

Құрылыс ауданы Түркістан қаласының климаттық ауданы IV

Негізгі берілгендері: ішкі бөлменің температурасы $t_{\text{int}}=20$

Тәулік жылыту периодты D_d ; градус-тәулігі, мына формула бойынша анықталады:

$$D_d = (t_{\text{int}} - t_{\text{ht}})z_{\text{hy}} \quad (1.1)$$

мұндағы t_{int} – ғимараттың ішкі ауасының есептік орташа температурасы, $t_{int} = +20$

$t_{ht, z_{ht}}$ - сыртқы ауаның орташа температурасы 20, сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы – 8;

$$D_d = (20 - 2,1) * 133 = 2380^\circ\text{C}, \text{тәулік}$$

Кестеден бөлек R_{req} және D_d шамалары үшін мәндерін мына формула бойынша анықтау керек;

$$R_{rew} = aD_d + d \quad (1.2)$$

мұндағы D_d - жылыту кезеңінің градус-период;
 a, d - ғимараттардың тиісті топтары үшін кестесіндегі деректер бойынша мәндері қабылдануы тиіс коэффициенттер; $a = 0.00035$, $d = 1.4$.

$$R_{req} = 0.00035 \times 2380 + 1.4 = 2,23 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

мұндағы R_k – қоршау конструкцияларының құрылымындағы бөлек қабаттардың термиялық кедергілері,

α_{int} - кесте бойынша қабылданатын қоршау конструкцияларының ішкі бетінің жылу беру коэффициенті. $\alpha_{int} = 8,7$

α_{ext} – қоршау конструкцияларының сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті, $\alpha_{ext} = 23$

$$R_k = \frac{1}{8.7} + \frac{0.0042}{0.17} + \frac{0.004}{0.17} + \frac{0.08}{0.031} + \frac{0.02}{0.76} + \frac{0.004}{0.17} + \frac{0.0042}{0.17} + \frac{0.92}{1.92} + \frac{1}{23} = 2.89$$

Бұл жағдайда R_k көп қабатты конструкцияға арналған қабаттар жиынтығы ретінде анықталады.

$$R_k = 2.89 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}; > R_{rew} = 2.23 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

Терезенің жылу техникалық есебі

$$R_{req} = 0,00005 \cdot 2380 + 0,3 = 0,41 \text{ м}^2 \cdot ^\circ\text{C}/\text{Вт}$$

$R^{пр} = 0,68$ – жұмсақ селективті жабыны бар екі камералы шыны пакетке арналған, СНиП II-3-79, $R^{пр} = > R_{req} =$ - жылу беруге кедергі бойынша талаптар орындалады. Жылумен толықтай қамтамасыз етіледі.

1.5 Ғимаратты инженерлік жабдықтау

- Жылу пункттері – "ДАНФОСС" блоктық фирмалар.
- Жылыту жүйесі пәтер, көлденең двухтрубная;
- Орнатылатын үй – жайларда (қызмет көрсету объектілерінде) - салынатын үй-жайлардың периметрі бойынша еденде құбыржолдарды ажырата отырып, жолай қозғалыстағы, құбыржолдарды көлденең ажырата отырып, екі құбырлық жүйе.
- Еден конструкциясына жасырын құбыр жүргізу;
- Алюминий радиаторлары. «КАЛОРЕ»

- Радиаторларда термореттегіш және бекіту арматурасын орнатуды қарастыру.

- Су өлшеу торабында, пәтерлік және коммерциялық үй-жайларда суды жалпы есепке алу көзделген.

- Пәтерлік есептеуіштерді саты алаңында орнату. Пәтер бойынша есептеуіштердің көрсеткіштері мен дәлдік класы: ыстық су үшін – В, суық су үшін – С.

- Құбырларды қабат бойынша төсеу еденді санитарлық тораптар мен ас үй аспаптарына дейін дайындағанда (тартпада) орындалады.

- Өртүрлі функционалдық мақсаттағы үй-жайлар үшін сумен жабдықтау және кәріз тиісті нормалар мен технологиялық тапсырмаларды ескере отырып орындалады.

- Су құбырының магистральды желілерін жертөле үй-жайларының төбесіне төсеуді орындау керек.

- Ғимаратты сумен жабдықтау аймақтары бойынша бөлу кезінде-су құбыры желілерін техникалық қабаттың еденіне жылытқыштың қалыңдығына (тех.қабат болған жағдайда) немесе жоғарғы тұрғын қабаттың төбесіне (тех. қабат болмаған жағдайда) салу керек.

- Ішкі өрт сөндіру жүйелерінің құбырлары МЕСТ 10704-91 және МЕСТ 3262-75*бойынша болат Электрмен дәнекерлеу құбырларынан қабылдансын. Өрт крандары жиынтығы.

2 Есептік конструктивтік бөлім

«Түркістан қаласындағы әуежай» дипломдық жобасының есептік және конструктивтік бөлім бойынша есептері мен құрастырулары жүргізіледі. Конструкциялық жүйе тұтас темір қаңқадан тұрады. Іргетасы плитадан, қалыңдығы – 1000 мм, жерасты қабырғалары монолитті, қалыңдығы 250 мм, аражабын монолитті тұтас. Темірбетонды элементтер бетон классы С30/37 орындалған және жұмысшы арматура классы S500, көлденең арматура классы S240.

2.1 Темірбетонды конструкциялар есебі және оларды құрастыру

Ғимараттың есептік үлгісін соңғы элементтер әдісімен (МКЭ) есептелетін кеңістік конструкцияларының математикалық және геометриялық дискретизациясына негізделген дискретті модель түрінде ұсыну қажет.

Есептеу "ЛИРА САПР" бағдарламалық кешенін пайдалану арқылы орындалған. "ЛИРА-Windows" бағдарламалық кешенінде ҚНЖЕ келесі бөлімдерінің ережелері іске асырылған:

НТП РК 01-01-3.1(4.1)-2017 "Нагрузки и воздействия на здания. Снеговые нагрузки. Ветровые воздействия.

СНиП РК 5.03-34-2005 Бетонные и железобетонные конструкции

СП РК 5.01-102-2013 «Основания зданий и сооружений».

СП РК 2.03-30-2017 «Строительство в сейсмических районах (зонах) Республики Казахстан».

Ғимараттың көтергіш құрылымдарын есептеу НТП РК 01.01.3.1-2017* "жүктеме және әсер ету" талаптарына сәйкес жүктемелердің негізгі және ерекше үйлесімділігіне орындалған, онда тербелістің 20 түрі үшін сейсмикалық жүктемелер ерекше жүктеме ретінде қарастырылған. Есептік сейсмикалық жүктемелер ҚР СП талаптарына сәйкес қабылданды 2.03-30-2017 "Қазақстан Республикасының сейсмикалық аудандарында (аймақтарында) құрылыс салу" және "ҚазҚСҒЗИ" АҚ-ның арнайы техникалық шарттары»

Ғимараттың іргетасы монолитті темірбетон таспа түрінде қарастырылады. Ғимараттың іргетастары арқылы негізге берілетін жүктемелер мен әсер ету олардың бірлескен жұмысы негізінде белгіленеді.

Көтергіш конструктивтік жүйені есептеу

- ғимараттың динамикалық сипаттамаларын анықтау;
- іргетас негізіне әсер ететін конструктивтік жүйедегі (бағаналар, жабындар мен жабындар плиталары, іргетастар, қабырғалар) күш-жігерді және күш-жігерді анықтау;
- салмақ көтеру қабілетін және негіздің деформациясын бағалау.

2.2 Жалпы мәліметтер

Бастапқы негізгі мәліметтер.

Дипломдық жоба бойынша Түркістан қаласындағы әуежай құрылған.

Ғимарат жауапкершілік деңгейі:

- ҚНЖЕ 2.01.07-88* сәйкес сенімділік коэффициенті 0.95. Жобалық шешімдер сипаты.

Тұтас құймалы темірбетонды конструкциялар келесі талаптарға сәйкес жобаланған:

- ҚНЖЕ 2.01.07-85*. Жүктемелер мен әсерлер;

- ҚНЖЕ 2.03.01-84* Бетон және темірбетон конструкциялары

- ҚНЖЕ 5.01.07-2002* Ғимараттар мен құрылыстардың негіздері;

Ғимараттың көтергіш құрылымдарын есептеу ҚНЖЕ 2.01.07-85* "жүктеме және әсер ету" талаптарына сәйкес жүктемелердің негізгі және ерекше үйлесімділігіне орындалған, онда ерекше жүктеме ретінде тербелістің 15 түрі үшін сейсмикалық жүктемелер қарастырылды. Есептік сейсмикалық жүктемелер ҚР СП талаптарына сәйкес қабылданды 2.03-30-2017 "Қазақстан Республикасының сейсмикалық аудандарында (аймақтарында) құрылыс салу" және "ҚазҚСҒЗИ" АҚ-ның арнайы техникалық шарттары.

Қаңқа элементтерін ЛИРА-9.6 бағдарламасымен есептеу.

Есептік-конструктивтік бөлімде жоба бойынша «Түркістан қаласындағы әуежай» дипломдық жобаның жүйесі жүргізілді.

Сейсмикалық жүктеме

Есептік сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде жүктемелердің массасы (салмағы) нүктелерде (есептік схеманың тораптарында) шоғырланған динамикалық есептік схема қолданылды. Ғимарат бөлігінің массасын есептеу кезінде кесте бойынша үйлесім коэффициенттеріне көбейтілген тұрақты және уақытша жүктемелердің есептік мәндері пайдаланылды. 7.1 ҚР БК 2.03-30-2017

2.1 Кесте – Комбинация коэффициенттерінің мәндері

Жүктеме түрлері	Комбинация коэффициентінің мәні
Тұрақты жүктеме	
а) металл конструкциялардың өз салмағынан	0,95
б) басқа конструкциялардың өз салмағынан	0,9
Уақытша ұзақ	0,8
Қысқа мерзімді (жабындар мен жабындар)	0,5

Ғимаратқа сейсмикалық жүктемелердің есептік мәндері спектрлік әдіс бойынша анықталды.

Топырақ жағдайларының түрі – II

Есептік көлденең жеделдету – 0,08

Төменгі шекара көрсеткіші – 0,2


Көлденең сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде ғимараттың немесе құрылыстың жауапкершілік коэффициенті – 1,43

Тік сейсмикалық жүктемелерді анықтау кезінде ғимараттың немесе құрылыстың жауапкершілік коэффициенті – 1,33

Мінез-құлық коэффициенті – 1,43

2.2 Кесте – Элементтердің қатаңдығы

Брус 40x40 (Ұстын 40x40 см.)	$E=3.52e+006$, $V=0.2$, $B=40$, $H=40$, $R_o=2.75$
Қоставр 27Б (27 см.)	$E=3.52e+006$, $V=0.2$, $B=40$, $H=40$, $R_o=2.75$
Пластина Н 150 (Іргетас Н=100см.)	$E=3.52e+006$, $V=0.2$, $H=150$, $R_o=2.75$
Пластина Н 20 (АражабынН=20см)	$E=3.52e+006$, $V=0.2$, $H=20$, $R_o=2.75$
Пластина Н 16 (Аражабын Н=16 см)	$E=3.52e+006$, $V=0.2$, $H=16$, $R_o=2.75$
Қос тавр 26Б1 (Прогон 26Б1)	Болат С255 Сортамент 26Б1
Қос бұрыш 160x6.5 (Жоғарғы 160x6.5)	Болат С255 Сортамент Молодечно профилі(160x6.5)
Қос бұрыш 160x4(Төменгі160x4)	Болат С255 Молодечно профилі 140x6
Қос бұрыш 90x90x6 (Раскос 160x160x10)	Болат С255 Сортамент Молодечно профилі 100x5
Қос бұрыш 160x100x10 (Қиғаштірек160x100x10)	Болат С255 Сортамент100x5x



2.1 Сурет – Ғимараттың есептік моделі

2.3 Кесте – Топырақтың сипаттамалары

Топырақ атауы	ρ_H	ρ_{II}	ρ_I	c_{II}	c_I	F_{II}	F_I	E	R_0
Құмдақ пылеватый, орташа тығыздығы қосу	1,63	1,59	1,58	0	0	27	26	11	-
Құмдақ пылеватый, тығыз қосу	1,78	1,75	1,73	0	0	32	29	25,7	-
Саздақ	1,80	1,79	1,78	0	0	35	32	20,2	-
Орташа іріліктің, тығыз қосудың Құмы, супеси линзалары бар	1,85	1,84	1,83	0	0	38	35	33,9	-
Қосудың орташа тығыздығы үлкен құм	1,90	1,89	1,87	0	0	38	35	24,9	-
Құм ірі, тығыз қосу	1,98	1,96	1,95	0	0	40	37	40	-
Құм гравелистый, орташа тығыздығы қосу	2,0	1,98	1,96	0	0	38	35	30	-
Құм гравелистый, тығыз қосу	2,05	2,03	2,01	0	0	40	37	40	-
Отырғызылмайтын құмдақ	$\frac{1,83}{-}$	$\frac{1,77}{-}$	$\frac{1,73}{-}$	$\frac{-}{17}$	$\frac{-}{12}$	$\frac{-}{24}$	$\frac{-}{22}$	$\frac{15,0}{12,4}$	-
Балшық	$\frac{2,03}{-}$	$\frac{2,0}{-}$	$\frac{1,97}{-}$	$\frac{-}{26}$	$\frac{-}{22}$	$\frac{-}{19}$	$\frac{-}{18}$	$\frac{11,7}{10,8}$	-
Гравийный топырақ құмды толтырғышпен	2,10	2,08	2,06	0	0	40	37	40	500

2.4 Кесте – Есептеу схемасына жүктемелер жинақтау

Нөмір	Жүктеме түрі	Нормат. жүктеме кг/м ²	γ_f	Есептік жүктеме кг/м ²
I	<u>Жүктеме еденнен аражабынға</u>			
	<i>Тұрақты</i>			
1	Ж/б аражабын $\delta = 20\text{см}$
2	Пенобетон $\delta = 50\text{мм}$, $\gamma = 600\text{кг/м}^3$ ($0,05 * 600 = 30$)	30	1,3	39
3	Тегістеуші цемент цементті - құмды тартпа $\delta = 30\text{мм}$, $\gamma = 1800\text{кг/м}^3$ ($0,03 * 1800 = 54$)	54	1,3	70
4	Өздігінен ажырататын тартқыш $\delta = 10\text{мм}$ $\gamma = 1200\text{кг/м}^3$ ($0,01 * 1200 = 20$)	12	1,3	16
5	Керамогранит $\delta = 15\text{мм}$, $\gamma = 1600\text{кг/м}^3$ ($0,015 * 1600 = 24$)	24	1,3	31
	Барлығы			156+75(қалқалар)=231
	<i>Уақытша типтік қабат:</i> қысқа мерзімді	120	1,3	156
	ұзақ мерзімді	30	1,3	39
II	<u>Жалпақ төбе</u>			
	<i>Тұрақты</i>			
1	Ж/б аражабын $\delta = 20\text{см}$
2	Пароизоляция	-	-	5
3	Жасалған еңіс құраушы тартпа Керамзитобетон $\delta = (200+50)/2 = 125\text{мм}$ $\gamma = 900\text{кг/м}^3$ ($0,125 * 900 = 54$)	112,5	1,3	146
4	Тегістейтін стяжка $\delta = 30\text{мм}$ $\gamma = 1800\text{кг/м}^3$ ($0,03 * 1800 = 54$)	54	1,1	59
5	Су өткізбейтін қабат	15	1,3	19,5
	Барлығы			227
	<i>Уақытша:</i> қысқа мерзімді.	70	1,4	98

2.4 Кестенің жалғасы

III	<u>Қабырғаға жүктеме</u>			
1	Жылыблок $\delta = 300\text{мм}$, $\gamma = 600\text{кг/м}^3$ $0.3 * 600 * 2.5 = 318$	450	1,2	540
2	Вентилир.линеарлық панельдердің қасбеті $\gamma = 10\text{кг/м}^2$ $10 * 3,0 = 30$	30	1,05	31,5
3	Жылуоқшаулағыш $\delta = 100\text{мм}$, $\gamma = 150\text{кг/м}^3$ $0.1 * 150 * 3,0 = 50$	45	1,2	54
4	Қабырғалардың ішкі жағынан сылақ $\delta = 10\text{мм}$, $\gamma = 1200\text{кг/м}^3$ $0.001 * 1200 * 3,00 = 36$	36	1,3	47
	Барлығы			672,5
	Терезе ойықтарын шегеруді ескере отырып $k = 686 * (1 - 0,25) = 480$			505
III	<u>Техникалық этаж</u>			
1	Ж/б аражабың $\delta = 20\text{см}$
2	Бетондық керме $\delta = 30\text{мм}$, $\gamma = 1800\text{кг/м}^3$ ($0,030 * 1800 = 90$)	54	1,3	70.2
3	Жылуоқшаулағыш $\delta = 150\text{мм}$, $\gamma = 150\text{кг/м}^3$ $0.15 * 150 = 22.5$	22,5	1,3	30
4	Пароизоляция	-	-	100
	Барлығы			105
	Уақытша: қысқа мерзімді	100	1,2	120
	Ұзақ мерзімді	100	1,2	120

2.3 Ферманың есебі

Ферманын ішкі күштері ЛИРА-САПР кешенді бағдарламасынан алынған.
Тұрақты жүктеменің мәні.

Төбе қабатының көлденең проекциясы бойынша біркелкі шашыраған жамылғы мен төбе конструкциялар массасының, фонарь массасын ескермегендегі, есептік жүктеме


$$g'_{\text{пост.}} = 1,95 \text{ кН / м}^2$$

Фонарь салмағы фонарьдың фермаға нақтылы тірелген жерінде келесі есептік мәндеріне сүйене есепке алынады


$\Phi_1 = \Phi_2 = \Phi_3 = g_{\text{пост}}^I * B * d = 1.95 * 24 * 3 = 140.4 \text{ кН}$
 F_0, F_6 күштер ұстындарға түседі, сондықтан олар ферманың есебінде ескерілмейді.

Тірек реакциялары

$$\Phi = \Phi_1 + \Phi_2 + \Phi_3 = 3 \cdot 9.8 = 29,4 \text{ кН.}$$



2.2 Сурет - Тұрақты жүктеме схемасы



2.3 Сурет - Қар жүктеме схемасы

Қар жүктемесі:

$$S = S_g \cdot \mu = 1 \cdot 1 = 1$$

$$\Phi'_{1s} = \Phi'_{2s} = \Phi'_{3s} = 1 \cdot 24 \cdot 3 = 72 \text{ кН}$$

$$\Phi'_{A,s} = \Phi'_{1s} + \Phi'_{2s} + \Phi'_{3s} = 3 \cdot 72 \text{ кН} = 216 \text{ кН.}$$

Рамалық бойынша моменттің жүктемесі. Бірінші комбинация:

$$M_{1\text{max}} = -885 \text{ кН*м}$$

$$M_{2\text{соот}} = -990 \text{ кН*м}$$

$$M_1 = -885 - (-24) = -861 \text{ кН*м} \quad M_{2\text{соот}} = -990 - (-24) = -966 \text{ кН*м.}$$

Рама бойынша распордан жүктеме


$$H_1 = (618 + (0.1 + 101 + 65 + 30.2)) \cdot 0,9 = 732 \text{ кН}$$

$$H_2 = 618 + (0.1 + 101 + 4.6 + 30.2) \cdot 0,9 = 678 \text{ кН}$$


$$H'_1 = (618 + 101 + 65 + 30.2) \cdot 0,9 = 732 \text{ кН}$$

$$H'_2 = (618 + 101 + 4.6 + 30.2) \cdot 0,9 = 678.42 \text{ кН}$$

$$H = 1 / (2.25 - 0.1) = 0.465 \text{ кН} \quad \Phi = 1 / 17.3 = 0.057 \text{ кН.}$$



2.4 Сурет - Бірлік моменттің есептік схемасы



2.5 Сурет - Тіреу мен қиғаш тіреулер схемасы

2.4 Іргетас есебі

Ғимарат аражабының тактасының арматурасының таңдауды ПК "ЛИРА-САПР" бағдарламасы бойынша жүргіземіз. Такталарға қабылдайтын ауыр бетон классы С30/37 және сығудың есептік кедергі $R_b=17$ МПа, алғашқы серпімділік модулі $E_b=29 \cdot 10^3$ МПа, Жұмыс барысының коэффициенті $\gamma_{b2}=0,9$ етіп қабылданды.

2.5 Кесте - Іргетасқа жүктемелерді жинау

Нормативтік жүктеме	Сенімділік коэффициенті	Есептік жүктеме
Қабырғалар $452\text{м}^2 \cdot 690\text{кг}/\text{м}^2 = 311880\text{кг}$	1.1	343068кг
Қалқалар $1200\text{м}^2 \cdot 30\text{кг}/\text{м}^2 = 36000\text{кг}$	1.2	43200кг
Аражабын $10000\text{м}^2 \cdot 150\text{кг}/\text{м}^2 = 1500000\text{кг}$	1.1	1650000кг
Жабын $8200\text{м}^2 \cdot 60\text{кг}/\text{м}^2 = 492000\text{кг}$	1.1	5412000кг
Пайдалы жүктеме: $10000\text{м}^2 \cdot 150\text{кг}/\text{м}^2 = 1500000\text{кг}$	1.2	1650000кг
Қар $57471\text{м}^2 \cdot 160\text{кг}/\text{м}^2 = 9195360$	1.4	12873504кг
	Жалпы	21971т

Ғимарат астындағы плитаның ауданы плитаның ені үйдің енінен 10 см артық екенін ескере отырып қабылданады.

$$S = 16000\text{см} \cdot 1000\text{см} = 16000000\text{см}^2 = 1600\text{м}^2$$

Ғимараттардан топыраққа үлестік жүктеме

$$\Delta = 21971000\text{кг} / 160000000 = 0,137\text{кг}/\text{см}^2$$

$$\Delta = 2,62 - 0,13 = 2,75\text{кг}/\text{см}^2$$

$$M = \Delta \cdot S = 0,19 \cdot 16000000 = 4400000\text{кг}$$

$$t = \frac{2500}{1600} = 1,15\text{м} = 1150\text{см}$$

Плитаның қалыңдығын қабылдауға болады: 1100см

Плиталы конструкцияға арналған арматура қалыңдығына байланысты таңдалады. Плиталы конструкцияға арналған арматура қалыңдығына байланысты таңдалады. Егер бетон қалыңдығы 150 мм және одан аз плита арматуралаудың бір торын төсейді. Егер бетонның қалыңдығы 150 мм артық

болса, арматураны екі қабатқа (төменгі және жоғарғы) салу қажет. Жұмыс стержендерінің диаметрі 12-16 мм (ең көп таралған 14 мм). Тік қамыттар ретінде 8-10 мм қимасы бар арматураның өзектері орнатылады.

Жоғарыда есептелген плиталар үшін арматура санын есептеу:

1. Қалыңдығы 110 см плита-екі жұмыс торы;
2. Өзек диаметрі -14 мм, қадам-200 мм;



3 Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы бөлім

Бастапқы мәліметтер:

- Топырақ тасымалдау қашықтығы: 5 км;
- Сыртқы әсердің орташа қысқы температурасы: - 17° ;
- Іргетас табанының белгісі: -7 м.

3.1 Топырақ сипаттамасы

Топырақ түрі-күмдақ, саз және саздақ.

$K_{п.р.}$ и $K_{о.р.}$ коэффициенттері ЕНиР 2 ш. 1 бойынша қабылданады. Еңісті салу коэффициенті m ҚНЖЕ 3.01-85 бойынша анықталады.

Жобамен жұмыс істеу үшін жұмыс барысының сондай да бір тәсілдері мен жабдықтарын пайдалану мүмкіндігін анықтау үшін құрылыстың көлемі мен шарттарын егжей-тегжейлі білу қажет.

Жер жұмыстарын жүргізу әдістерін таңдау құрылыс ауданының климаттық, топографиялық және геологиялық жағдайларына байланысты.

Негізгі климаттық факторларға қоршаған ауаның температурасы мен ылғалдылығы, атмосфералық жауын-шашынның мөлшері жатады. Топографиялық - жер бедері. Геологиялық - физикалық-механикалық қасиеттері және жер асты суларының деңгейі. Климаттық, топографиялық және геологиялық жағдайлар механизация құралдарын таңдауға, қосалқы және дайындық жұмыстарының құрамы мен көлеміне әсер етеді.

Әлсіз топырақтардың және жарылған тау жыныстарының көтергіш қабілетін жасанды бекіту әдістерімен арттыруға болады, оларға мыналар жатады: силикатизация, шайырлау, термиялық бекіту және цементтеу.

Силикатизация және шайырлау бекітілген учаскелерді тазарту, инъекторларды батыру, ерітінділерді дайындау және айдау, инъекторларды алу, ұңғыма тампонажын қарастыратын технология бойынша ұқсас.

Арнайы қондырғыда дайындалған тарату жүйесі бойынша бекітетін ерітіндіні инъекторларға айдайды. Забивной инъектор төменгі бөлігінде 0,5 биіктікке перфорацияланған ұштары бар қалың қабырғалы болат құбыр болып табылады... 1,5 м. Инъекторларды 7 м-ге дейінгі тереңдікке салмағы 30 кг-ға дейінгі пневматикалық балғалармен қағады.

30 м тереңдікке дейін топырақ инъектор-тампондар көмегімен бекітіледі. Алдын ала бұрғыланған диаметрі 60 ұңғыма...120 мм инъекторлар-тампондарды берілген тереңдікке салады. Бекітуді биіктігі Н 3-тен 8 м-ге дейін, астыңғы жағынан бастап. Сығылған ауамен шығарылған инъектор тампонының резеңке қаптамасы ерітіндінің жоғарғы кіріске шығуын болдырмайды.

3.2 Жер жұмыстары

Жер жұмыстарының көлемі

Құрылыс алаңының топырағының мінездемесі.

Топырақтың атауы – құмдақ, саз, саздақ;

Топырақтың тобы – I;

Топырақтың орташа тығыздығы – 2250 кг/м³

Бастапқы ұнтақталуы коэффициенті (Кп.р.) – 1,26;

Қалдықтың ұнтақталуы коэффициенті (Ко.р.) – 1,07;

Еңістің коэффициенті (m) – 0,75.

Коэффициентер Кп.р. және Ко.р. ЕНиР 2-1 ден қабылдаймыз. Еңіс коэффициенті m СНиП 3.01-85 бойынша анықталады.

Қазумен, қазумен және үйінділермен байланысты дайындық процестерін топырақты әзірлеу басталғанға дейін орындайды. Олардың кеңістік тазалауды, имараттың геодезиялық бөлуді, жерді рекультивациялау кезінде пайдалану үшін топырақтың құнарлы қабатын алуды, тығыз топырақты қопсытуды, аумақты құрғатуды, жер үсті су бұрғыш құрылғысын қамтиды.

Аймақты тазалаудағы ағаштар мен бұталарды жою, түбірлерді тамырымен тазалау, ірі тастарды жинау, құрылыстарды бұзу болып табылады. Ағаштар мен бұталар тамырымен бірге қазып, жаңа орындарға отырғызылады.

Жұмыс көлемін анықтау ғимараттың жұмыс сызбалары бойынша жүргізіледі. Жұмыс көлемінің тізбесі нөлдік циклді жұмыстарды жүргізу кезінде кешенді технологиялық процестің құрамынан алынады. Жер жұмыстарының көлемі жер құрылыстарын жобалау кезінде, құрылысты ұйымдастыру жобаларын және жұмыс өндірісінің жобаларын жасау кезінде анықталады.

1) Алынатын өсімдік қабатының ауданы

$$S = (l + 2) \cdot (b + 2) \quad (3.1)$$

мұндағы l – қазаншұңқырдың бетінің ұзындығы;

b – қазаншұңқырдың ені.

$$S = (200 + 2) \cdot (82 + 2) = 33128$$

Қазаншұңқырдың көлемін анықтау барысындағы формула

$$V_k = \frac{H}{6} \cdot (a \cdot b + c \cdot d + (a + c) \cdot (b + d)), \text{ м}^3 \quad (3.2)$$

мұндағы a, b – астыңғы жағынан шұңқыр ені мен ұзындығы
c, d – жоғарғы жағынан шұңқыр ені мен ұзындығы

a' – әуежай ғимаратының қабырға осьтерінің ені

$$a=83+1,9+2\cdot 0,6=86 \text{ м}$$

b' – әуежай ғимаратының қабырға осьтерінің арасындағы ұзындығы

$$b=24,8+1,8+1,2=27,8 \text{ м}$$

$$c = 86+2\cdot 0,5\cdot 4,2=90,2 \text{ м}$$

$$D = 27,8+2\cdot 0,5\cdot 4,2=32 \text{ м}$$

2) Кері жабу көлемін анықтау

$$V = 1588 \text{ м}^3$$

мұндағы $V_{\text{подв}}$ – әуежай ғимараты жертөлесінің көлемі

$V_{\text{ф}}$ - Плиталы іргетастың көлемі

$K_{\text{о.р.}}$ -қалдық қопсыту коэффициенті

$$V_{\text{подв}}=a\cdot b\cdot h=11480,3, \text{м}^3$$

3)Топырақтың артық көлемін анықтау

$$V_{\text{изл.г}}=-1588= 7441,8 \text{ м}^3$$

4) Топырақ жетіспеу көлемін анықтау

$$V=86\cdot 27,8\cdot 0,1=239,08 \text{ м}^3$$

5) Өсімдік бөлігін қию ауданын мына формуламен анықталады:

$$F_{\text{срез}}=(10+c+10)(10+d+10), \text{ м}^2 \quad (3.3)$$

$$F_{\text{срез}}=110,2\cdot 52=5730,4 \text{ м}^2$$

6) Өсімдік грунттың қиюдың толық көлемі мына формуламен:

$$V=5730,4\cdot 0,2=1146,08 \text{ м}^3$$

7) Грунтты тығыздау ауданы мына формуламен:

$$F_{\text{упл}} = V_{\text{о.з.}} / h_y \quad (3.4)$$

мұндағы h_y - тығыздалған қабаттың қалыңдығы

$$F_{\text{упл}}=1588/0,2 = 7,94 \text{ м}^2$$

3.3 Жер жұмыстарын жүргізуге машиналар жиынтығын таңдау

Экскаваторды таңдау.

Кері күрекпен жабдықталған экскаваторлар экскаватор тұрағының деңгейінен төмен орналасқан топырақты игеруге арналған.

Экскаватордың түрі мен маркасын: Өндірітік құрылыстың технологиясы. Курстық және дипломдық жобалау". Хамзин С. К, Карасев А. К әдебиеті бойынша таңдаймыз, экскаваторлардың бұл түрі негізінен траншеяларда топырақты қазу үшін және таяз шұңқырларды қазу кезінде қолданылады.

Топырақты игеру алдыңғы және бүйірлі ұңғылармен жүзеге асырылады. Топырақты игеруді үйіндіге де, көлік құралдарына тиеумен де жүзеге асыруға болады. Кері күрегі бар экскаваторлар қазаншұңқыр бойымен және көлденең,

сондай-ақ зигзагпен қозғалуы мүмкін

Қазаншұңқырды қазу автосамосвалдарға топырақты тиеумен және ішінара үйіндіге төгумен кері күрекпен жабдықталған экскаватормен жүргізіледі.

0,8м³ - Кейс СХ210В және 0,65 м³ - Хьюндай Р 1400 В- 7 мен орындап салыстыру.

1 м³ топырақ әзірлеу құны азды таңдаймыз.

Экскаватор

КЕЙС СХ21В

Шөміш сыйымдылығы -0,8 м³

Экскаватордың осы түріне арналған қазаншұңқырдағы 1 м грунттағы игеру құнын анықтау (тг)

$$C = \frac{1,08 * C_{\text{маш.смен}}}{P_{\text{см.выр}}} = \frac{9753}{243,82} = 264,8$$

1,08-үстеме шығыстарды ескеретін коэффициент.

C_{маш.смен} - экскаватор ауыстыру машина құны, "Өндірістік құрылыстың технологиясы. Курстық және дипломдық жобалау". Хамзин С. К. Карасев А.Қ. (139-139 бет) әдебиеті.

Топырақты игеруді ескере отырып, және көлікке тиеумен экскаватордың ауыспалы қазылуы

$$P_{\text{см.выр}} = \frac{V_K}{n_{\text{маш.смен}}} = \frac{9753}{40} = 243,82$$

Экскаватор машиналарының жалпы жүктемелер саны

$$P_{\text{см.выр}} = \frac{V_{\text{обр}} * H_{\text{вр}}^1 + V_{\text{изл}} * H_{\text{вр}}^2}{8,2 * 100} = \frac{9753}{820} = 40$$

мұндағы Нвр1- 2,8 жұмыс кезіндегі механизмнің уақыт нормасы(маш-сағат).(ЕНиР 2)

Нвр2-3,5 топырақты илеу кезіндегі механизмнің уақыт нормасы

Экскаватордың әрбір түрі үшін 1 м³ топырақты игеруге күрделі үлес салуды анықтау (тг / м³)

$$C = \frac{1,07 * C_{\text{ур}}}{P_{\text{см.выр}} * t_{\text{год}}} = \frac{9753}{243,82} = 0,62\text{тг/м}^3$$

Экскаватордың осы түрі үшін 1 м³ топырақты игеруге келтірілген шығындарды анықтау

$$P_{\text{д}} = 264,88 + 0,15 * 0,6 = 265 \text{ тг/м}^3$$

мұндағы Е_н-күрделі салымдар тиімділігінің нормативтік коэффициенті-0,15

Экскаватор маркасы

Хьюндай Р 1400 В- 7

Шөміш сыйымдылығы -0,65 м³

Экскаватордың осы түріне арналған қазаншұңқырдағы 1 м топырақты

игеру құнын анықтау (тг)

